

БЕН РИДДЕР ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ІС- ГРНТИ 03.20

Н.Д.Аманбекова¹ А.С.Адильбаева²

¹Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің PhD докторанты
²т.ғ.д., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

XX ҒАСЫРДЫҢ І-ШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЯГӨЗ ШАРАЛАР

Аңдатпа

Түркісіб құрылысы мен ірі өндіріс кәсіпорындарын, (білікті) жұмысшыларды кадрлармен қамтамасыз ету әр түрлі даярлау және қайта даярлау жолымен жүргізіледі. Мақалада Аягөз бен Риддер қалаларында орын алған саяси-қоғамдық іс-шаралардың орын алуы, ағарту саласынның жағдайы баяндалған.

Жалпы 1930 жылы Қазақ өлкесі бойынша қазақ тілінде шығатын газеттердің жалпы саны 14, ал олардың таралымы 133 мың болатын. Бұл, әрине, аз деп табылып, бұл мәселе Қазақ өлкелік партия комитетінің Пленумында арнайы қаралды. Сол Пленумда өлкедегі қазақ газеттерін шығару қажеттігі жөнінде мәселе шешімін тапты. Осы орайда Аягөз қаласындағы «Жаңа ауыл» мен Риддер қаласындағы «Жұмысшы» қазақ газеттерінде жарияланған өлкедегі әлеуметтік-мәдени жағдайлардың орын алғандығы туралы мақалада баяндалады. Газет еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде көп роль атқарды. Экономика мен мәдениетті көтеруде партияның идеясын насихаттады.

Түйін сөздер: қала, мектеп, газет, жұмысшы.

N.D.Amanbekova¹ A.S.Adilbaeva²

¹PhD student of the Kazakh Innovative University of Humanities and Law
²d.h.s. of the Kazakh Innovative University of Humanities and Law

PUBLIC EVENTS IN THE CITIES OF AYAGOZ AND RIDDER IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY

Abstract

Personnel of Turksib construction and large industrial enterprises, (skilled) workers are carried out through various training and retraining. The article describes the political and social events in the cities of Ayagoz and Ridder, the state of education.

In 1930, the total number of Kazakh-language newspapers in the Kazakh region was 14, and their circulation was 133 thousand. This, of course, was considered insignificant, and this issue was specially considered at the Plenum of the Kazakh Regional Party Committee. At the same Plenum, the issue of the need to publish Kazakh newspapers in the region was resolved.

In this regard, the article about the socio-cultural situation in the region, published in the Kazakh newspapers "Zhana Aul" in Ayakoz and "Zhymysshy" in Ridder. The newspaper played an important role in educating workers in the communist spirit. He propagated the idea of the party in the development of the economy and culture.

Keywords: city, school, newspaper, worker.

Н.Д.Аманбекова¹ А.С.Адильбаева²

¹PhD докторант Казахского инновационного гуманитарно-юридического университета
²д.и.н. Казахского инновационного гуманитарно-юридического университета

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СОБЫТИЯ В ГОРОДАХ АЯГОЗА И РИДДЕРА В ПЕРВУЮ ПОЛОВИНУ XX ВЕКА

Аннотация

Персонал турксибских строительных и крупных промышленных предприятий, (квалифицированные) работники осуществляются путем различной подготовки и переподготовки. В статье описываются политические и общественные события в городах Аягоз и Риддер, штат образования.

В 1930 году общее количество казахскоязычных газет в казахском регионе составляло 14, а их тираж - 133 тысячи. Это, конечно, считалось несущественным, и этот вопрос был специально рассмотрен на Пленуме Казахского обкома партии. На том же Пленуме был решен вопрос о необходимости издания казахстанских газет в регионе. В связи с этим появилась статья о социокультурной ситуации в регионе, опубликованная в казахстанских газетах «Жана аул» в Аягозе и «Жұмысши» в Риддере. Газета сыграла важную роль в воспитании рабочих в духе коммунизма. Он пропагандировал идею партии в развитии экономики и культуры.

Ключевые слова: город, школа, газета, рабочий.

Өлкедегі индустрияландыру жылдары барысында жұмысшылар арасында мәдени-көпшілік шаралар жүргізіліп, олардың сауатын ашуда біршама жұмыстар атқарылды. Алғашында Түркісіб құрылысы мен ірі өндіріс орындарында керекті кәсіби мамандар даярлау бастапқы міндеттердің бірі болып табылады. Осы уақыттарда үш жылдық құрылыс курстары және аға жұмысшыларды дайындайтын курстар ашылған. Және де 100 адамға арналған жатақханасы бар құрылыс мектептері жұмыс істеп, онда 60 пайызға жуық қазақ жастары оқыған. Сонымен қатар, тек қана қазақ ұлт өкілдеріне арналған 9 айлық аға жұмысшылар дайындайтын курстар осы уақытта пайда болған еді[1]. Теміржол жұмысына тартылған жұмысшылардың 90 пайыздайы сауатсыз болғандықтан, жергілікті жерлерде 18-ге тарта сауатсыздықты жою орталықтары ашылып, бұдан 250 қазақ, 125-ке жуық орыс жұмысшылары сауат ашқан.

1929 жылдың күзінен бастап Ағарту бөлімі құрылады деп жоспарланып, Семейде Түркісіб қызметкерлері мен жұмысшыларының балаларына арналған жеті жылдық мектеп пен Жаңа Семейде бірінші баспалдақты оқу орнын ашу алға қойылды. Осы жылдары теміржол құрылысы бойына орналасқан Аягөзде жұмысшылардың 120 баласы мектеп табалдырығын аттады. 1929 жылдың 17 маусымынан 1930 жылдың 1 мамырына дейін Түркісібтің Солтүстік бөлігінің құрылысында 30-ға жуық мәдени ұйым, 27 қызыл бұрыш, 153 мәдени қызметкері бар 3 клуб жұмыс атқарған. Клубтар мен қызыл бұрыштарда 10 жастар секциясы, 9 анықтама столы, 10450 кітап қоры бар 24 кітапхана болған. 16 радиоқондырғы және 8 тир жұмыс істеген. Саяси-тәрбиелік мақсатта 512 дәріс оқылып, 1800-ге тарта баяндамалар тыңдалған[2].

1930 жылы республика көлемінде округтер жойылып, аудандар тікелей өлкеге бағынатын болғандықтан және бесжылдықтың тұңғышы болған Түркісіб теміржолының дәл ортан белі болуы себепті «Жаңа ауыл» газеті Аягөзге көшірілді[3]. Газеттің редакторы Мұқсын Қордабаев, секретары Аитбаев болды. Газет еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде көп роль атқарды. Экономика мен мәдениетті көтеруде партияның идеясын насихаттады[4].

Сол басылымдардың бірінде Аягөз қаласындағы 1 кварталдың үлкендер мектебінде 19 адам хат танып, 13 адам сауатсыздығын жойып, қолдарына куәлік қағаздарын алды. Қазір 35 адам сауатсыздар мектебінде оқып жүр. Олар жақын арада бітіріп шықпақ деген О. Барлыбаеваның мақаламен таныстық[5].

Саяси-тәрбиелік бағытта БК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан Совревкомның Қазақстанда өнер мен әдебиетті өркендету туралы шығарған қаулысы барлық қазақ еңбекшілерін, соның ішінде өндірістегі және колхоздар мен совхоздардағы мектеп оқушыларында жігерлендірді. Олардың күшейтіп, талабын арттырды.

Әсіресе, мектептегі оқушы жастардың талантына басшылық етіп, талаптарын өсіре беруде, мектеп ішіндегі әдебиет үйірмесінің үлкен маңызы бар. Үйірме жұмысының жақсы болуы үйірмені басқарушы адамға байланысты іс. Қазірдің өзінде-ақ әңгіме, өлең жазып жүрген оқушылардың азды-көпті еңбектерін әдебиет үйірмесінде талқылап, оларға дұрыс бағыт беріліп отырса, жас таланттардың шығармашылық қабілеттері ұлғайып, барған сайын өрісі кеңейе береді. Сондықтан да мектеп жаңындағы әдебиет үйірмесінің жас таланттар үшін маңызы үлкен және бұл жұмыс қолға қойылса, мектеп коллективінде істеген көрнекті бір ісі болар еді. Осы бағытта мектеп дирекциясы мен ондағы әдебиетке жақындау оқытушылардың кейбіреуі бұл істі әлі де жөндеп

ұйымдастырмай жүр. Оқушылардың бұл талаптарын еске алып, олардың тілектерін орындауда істелген іс өте шамалы еді. Аякөздегі 8 санды орталау қазақ мектебінде әдебиет үйірмесі ұйымдастырылды да бір-екі рет үйірме жұмысын өткізгеннен кейін жұмыс істемей қойды, жабылып қалды. Осының салдарынан, газеттерге өлең жазып жүретін Сейфуллин, Нұрғазымов сияқты бірнеше оқушылардың жазған өлеңдері үйірмеде тексерілмегендіктен және оны ешкім елемегендіктен сол күйінде пайдаланылмай қалып қойды. Осындай қолайсыздық жағдайларды қайта болдырмау барысында мектеп дирекциясымен, сол мектептегі комсомол ұйымы, мектептегі оқытушылар коллективі әдебиет үйірмесінің жұмысын қайта жаңғыртатын болсын деген қаулы да қабылданған болатын. Сөйтіп оқушы жастардың өсіп келе жатқан таланттарын жігерілете беруге толық басшылық ету керек. Бұл халық әдебиеті мен өнердің жас кадрларын баулып өсіруге үлкен көмек болады деген[6].

Халық шаруашылығының және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатының өсуі негізінде жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметшілердің мәдени-тұрмыс тірліктері де өсіп отыр. Партияның XVIII съезі еңбекшілерді мәдени-тұрмыс қерегімен қанағаттандыру, барлық мәдениет жұмысын ондау жөнінде аса маңызды міндет болған.

Гүлденген республиканың еңбекшілері мәдениетті демалу үшін жағдай жасау мәселесі ерекше болып келді. Демек, еңбекшілер отырған орнында, тұрған үйінде, жүрген көшелерінде мәдениетті болуы керек, өздерінің әл-ауқатты болуын және мәдениетті тұрмыс - тұрмыс халінің көркем болуын көздейді. Еңбекшілердің осы тілектеріне, орынды талаптарына сәйкес Қазақстан қалалары еңбекшілерінің қабілеттері көтеріліп отыр. Қалаларды көркейту жөнінде қоғам бастама бастап отыр.

Жасыратыны жоқ, Аякөз қаласы жазғы уақытта шаң болып кетеді, күзге салым және жазғы тұрым аяқ алып жүре алмастай лас болып жатады, көшелер тазартылмайды, әр түрлі тастандылар, лас заттар қалай болса солай шашылып жатады. Осы келеңсіздіктермен күресу барысында республикамыздың қалаларындағы басталған қоғам аттанысына Аякөз қаласының еңбекшілері де қатысты. Бірер айдың ішінде көлемі 2 гектар мәдени парк салынып, үй маңдарына 25 мың түп ағаш, көшелерге жалпы ұзындығы 6 км тротуар және 6 км тас жол жасалынды. 1940 жылдың апрель айының 6-сы күні парк орнататын жерде түрлі дайындық жұмыстары басталып, онда темір жол жұмысшы-қызметшілерінің әйелдері белсене жұмыс істеді. Мысалы, кондуктор-резерві жұмысшы-қызметшілерінің әйелдері-10 адам, темір жолдың 3 дистанциясының әйелдері- 10 адам, 2 бөлім жұмысшы-қызметшілерінің әйелдері - 10 адам, қатынас бөлімінен - 7 адам өте жақсы жұмыс істеді. Олар алғашқы жұмыс күнінде еңбектің стахановшы әдісін көрсете білді.

Кезекті парк салу жұмысы 12 апрель күні болды. Бұл күнгі жұмысқа 1000 адамнан артық адамның қатысатыны, ол күні істелетін жұмыстардың ішінде ағаш отырғызу үшін мыңнан артық шұңқыр қазылмақ жоспарға еңгізілген болатын.

Бірақ бұл сияқты игілікті жұмысқа қала орталығындағы мекемелердің басшылары, партия, комсомол, профсоюз ұйымдары сол уақытта салақ қарап, көпшілік мекемелер мен ұйымдардың бұл мәнді жұмыстан хабарлары да жоқ болатын. Апрельдің 6 күні қатысуға қажетті адамнан әлдеқайда кем қатысқандығы, демек, мекемелердің басшылары, партия, комсомол, профсоюз ұйымдары алғашқы күнгі жұмысқа өз адамдарын ұйымдастырмады, оларды жұмыс басына алып бара алмағандығы баяндалған. Ендігі жерде Аякөз қаласы еңбекшілерінің игілігі үшін, олардың мәдениетті тұрмысы үшін жасалғалы отырған зор маңызды жұмысқа әрбір саналы азамат ат салысуы керек, республика еңбекшілері бастап отырған қоғам аттанысына түгелдей қатысып, Аякөзді мәдениетті қалаға айналдыру керек екендігі Жаңа ауыл газетінде халықты еңбекке шақырғандығы айтылған[7].

Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің алғашқы бастауы болып саналатын, Риддерде 1931 жылдан шыға бастаған «Жұмысшы» газетінің дүниеге келуіне сол кездегі ең алғашқы қазақ жұмысшы табының шығыстағы Риддер қаласындағы ірі өндіріс орындарында ең көп шоғырлануы тікелей әсер етті деуге негіз бар. Мұрағаттан Риддер комбинатына жергілікті ұлт өкілдерін қабылдау (коренизация) саясатының да болғанын, өлкелік партия комитетінің Риддерде қазақ газетін ашу қажеттігі жөніндегі арнайы шешім қабылдағанын айғақтайтын құжаттарды кездестіруге болады[8]. 1937 жылы сол Риддерде жеке қазақ активін жинап, жиналыс өткізгені үшін «халық жауы» ретінде атылып кеткен газеттің алғашқы редакторы Мақсұт Тайшыбаев өз заманында қазақ жұмысшыларының сол өңірдегі жолбасшысына айналған, қоғамдық-саяси істерге белсене араласқан талантты журналист, жазушы болған адам.

Кеңес кезіндегі ірі өндіріс орталығы Риддер қаласына қазақтар көптеп келіп қоныстанып жатты. Алғашқы ұлттық жұмысшы табы қалыптасып, Одаққа әйгілі жарыс жеңімпаздары шыға бастады. Осының барлығы қалаға ұлт тілінде шығатын ақпарат құралының қажеттілігін туғызды.

Жалпы 1930 жылы Қазақ өлкесі бойынша қазақ тілінде шығатын газеттердің жалпы саны 14, ал олардың таралымы 133 мың болатын. Бұл, әрине, аз деп табылып, бұл мәселе Қазақ өлкелік партия комитетінің Пленумында арнайы қаралды. Сол Пленумда Риддерде де қазақ газетін шығару қажеттігі жөнінде мәселе шешімін тапты. Өлкелік партия комитетінің Үгіт-насихат және баспасөз бөлімі бұдан бұрынырақ 1928 жылы қазанда білімді газет қызметкерлерін даярлау туралы мәселе қарады. Олардың саны аз, барларының білімі саяз екенін көрсете келіп, нақты шаралар белгілеп, арнаулы қаулы қабылдады[9;20]. Бұл қаулы қалың елдің ішінде жүрген сауатты интеллигенцияға, оқып жүрген жастар мен көзі ашық шаруа адамдарына қозғау салды. Оларды баспасөз төңірегіне топтастырды.

Сонымен, өлкелік партия комитеті бұған дейін де аударма жұмысымен айналысып, «Колхоздардың ішкі тәртібі», «Ауыл шаруашылығы артелінің үлгілі уставы» сияқты кітапшаларды қазақшалаған, шағын мақала, өлеңдер жазып, басылымдармен байланыста болып жүрген Ақмола қаласы прокурорының көмекшісі Мақсұт Тайшыбаевты Алматыға шақыртып алады. «Газет жұмысына жіберілетін болғандықтан Тайшыбаевты шұғыл түрде өлкелік партия комитетінің қарамағына жіберіңіз. Щипков» деген шақыртумен 1931 жылғы шілдеде келген Мақсұтты Өлкелік комитет «Еңбекші қазақ» газеті партия секторы бөлімінің меңгерушілігіне тағайындайды. Сол жерде екі айдай «сынақтан» өткізіп алған соң Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің қолымен «Тайшыбаев жолдас Риддердегі қазақ газетінің редакторы болып тағайындалсын»[10] деген бұйрық шығарылды. Сонымен республиканың Шығыс өңірінде тұңғыш ашылмақ қазақ газетінің алғашқы редакторы 1931 жылғы 1-қыркүйекте еліміздегі аса ірі өндіріс өңірінің бірінен саналатын Риддерге келіп, қыруар дайындық жұмыстарын жүргізе отырып, сол жылғы 24-қазанда «Жұмысшы» аталған қазақ газетінің бірінші санын жарыққа шығарады. «Жұмысшы» алғашында қалалық «Риддерский рабочий» газетінің бес күнде екі рет шығатын қазақша беті ретінде жарық көріп жүрді де, жаңа жылдан бастап жеке шаңырақ көтерді. «Қазақ совет баспасөзінің тарихында жаңа бетбұрыс тудыру, оған қалың бұқараны жұмылдыру, олардың ішінара ішкі ішкілер, жазушылар шығару үлкен күрес, айтыс-талас үстінде жүзеге асырылды»[11]. Дайын тұрған ешқандай базасы жоқ, не бір тілшісі жоқ, «газет шығарсын» деген партия тапсырмасымен соқа басы келген М. Тайшыбаевқа да бұл шаруаның оңай болмағандығы аян.

Енді «Жұмысшы» газетінде жарияланған мақалалардың бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Риддер руднигінің 3-ші және 4-ші горизонттарының жеке стахановшылары өткен сентябрь айының планын орындауда істің тамаша үлгісін көрсетті. Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыстың нәтижесін қорытындылай келгенде, бірсыпыра жұмысшылар өздерінің өндірістік планын асырып орындады. Осы горизонттарда крепельшик болып істейтін Владимиров жолдас сентябрь айында 17 смена жұмыс істеп, 376 сом еңбек ақы жаратып, планын 185 процент етіп орындады.

Крепельшик Оспанов жолдас сентябрьде жұмыстың қарқынын үдетті. 1177 сом еңбек ақы тауып, крепельшиктердің ең алдыңғы қатарынан орын алды. Ол 29 смена жұмыс істеп, сентябрьдегі өндірістік планын 164 процент етіп орындады. Және стахановтық жұмыс әдісін өндірісте кеңінен қолдана білді. Сондай-ақ бұл горизонттардың аткачка жұмысындағы стахановшыларда тиісті планын артық орындаумен аяқтады. Аткачик болып істейтін Захаров жолдас 25 сменада 574 сом еңбек ақы жаратып айлық планын 225 процент етіп орындап шықты. Аткачик Довродеев 26 сменада 863 сом еңбек ақы жаратты. План 164 процент орындады. Рудникте бірнеше жылдан бері істеп келе жатқан мамандығы зор аткачик Мақұлбеков жолдас сентябрьде 600 сом жаратты. 18 смена жұмыс істеп, 160 процент орындады.

Стахановтық жұмыс қарқынын үдету тек бұл горизонттарда ғана емес, Риддер руднигінің басқа да горизонттарындағы жұмысшылар сентябрь айында көрнекті жұмыс істеді. 6-ші, 7-ші горизонттарды крепельшик болып істейтін Катигин жолдас 152 процент орындап, 926 сом еңбек ақы жаратты. Әсіресе, 8-ші горизонттың бұрғышысы Тайжанов жолдас еңбектің тамаша шыңына шығып, 24 сменаның ішінде 195 процент етіп өзіне берілген сентябрьдегі өндірістік планын өте жаңа қарқынмен орындап шықты. Сөйтіп, 2095 сом еңбек ақы тапты. Бұрғышы Әбішев жолдаста өндірістік планын орындауда үздіксіз озық шықты. 25 смена жұмыс істеп 1029 сом еңбек ақы жаратты. План 142 процент орындалды. Бұлардан басқада көптеген жұмысшылар табысты болды,

деп мақала авторы Рахимов көрсеткендей стахановшылардың қатары күннен күнге көбейгендігі баяндалған[12].

Миллиондаған халықтың өскен мәдени тілектері күн санап қанағаттандырылып келеді. Халықтың мәдениеті қаулап өскен сайын тілегі де сондай артып отыр. мұнымен қатар, мәдениетіне сәйкес еңбек ақыда анағұрлым артты. Еңбек ақы артқан сайын адамдардың тілегі де арта түседі.

Совет саудасы дәл осы қаулап өскен халықтың тілегіне сәйкестелініп отыр. Жылдан жылға сауда орындарындағы қайталамалы қор ана құрлым артты. Көпшілік арасында асханалардың да жұмыстары жақсарды. Тамақтың сапасы санына сәйкес бірдей өсіп келеді. Магазиндерде ассортименттердің де түрі көбейді.

Мыңдаған совет сауда орындарының бірі болып, Риддердегі "Алтайполиметалл" комбинатының жабдықтау бөлімі, "Риддер құрылыс" тресінің жабдықтау бөлімінің жұмыстары және осы сияқты қаланың, селолардың ішіндегі сауда жұмысы өткен жылғылармен салыстырғанда анағұрлым артқандығы айтылған.

"Алтайполиметалл" комбинатына қарайтын жұмысшы жабдықтау бөлімі 1938 жылдың айлық планын асыра орындады. План бойынша 11 айда қала ішінде 24282 мың сомның саудасын істемек болса, 26407 мың 1 жүз сомның саудасын істеді. Селолардағы сауда бөлімдерінде 2130 мың сом саудасының орнына, 21944 мың сомның саудасын істеді.

Үлбідегі "Риддер құрылыс" тресіне қарайтын жұмысшы жабдықтау бөлімінде 11 айлық план орындалды. План бойынша 11650 мың сомның саудасын істеу керек еді, оның орнына 12971 мың сомның аваротын істеді.

Сауда орындарындағы коллективтер сауда жұмысын жақсартты, әсіресе октябрь алдындағы социалистік жарыста жұмыстарын көрнекті істеді. Мысалы, "АПМ" жұмысшы жабдықтау бөлімі 1867 мың сомның орнына 3064 мың сом, Үлбі бір миллион сомның орнына 1125 мың сомның аваротын істеді және тағы басқаларда октябрь және Сталиндік Конституцияның 2 жылдық алдындағы жарыста жұмыстарын жандандырды. Бұл октябрь-ноябрь айларында жалғыз сауда орындары емес, барлық кәсіпорындарда социалистік жарысты қызу жүргізді. Социалистік жарыстың қызу жүргендігінің нәтижесінде пландарын асыра орындады. Дегенмен де болып отырған кемшілікті жасыруға болмайды, сауда орындары саудагерлермен күресуде жұмысты жүргізе алмай отыр. Саудагерлермен күресу үшін сатып алушылардың конференцияларын жыл басынан бері бір ретте өткізбеді, қалың бұқараның сауда жұмысын неғұрлым жақсарту беру үшін халықтың пікірін алмады, көпшіліктен қол үзіп отыр. ҚКБП-ның 2-ші съезінің қаулысында және ҚКБП қалалық комитетінің бюро қаулысында сауда орындарына не істеу керек екендігі ашық көрсетілді. Сатып алушылардың конференцияларын өткізіп, халықтың пікірін алу дегендей қатты тапсырылған болатын, бірақ бұл орындалмай отыр. Ендігі міндет: Сауда орындарындағы коллективтер совет саудасы неғұрлым алға баса беру үшін ҚКБП-ның 2-ші съезінің қаулысында және ҚКБП қалалық комитетінің сауда жұмысы туралы бюро қаулысын бұлжытпай орындау үшін іске большевиктерше кіріссін, деген алдыға қойылған міндеттермен аяқталды[13].

Жұмысшылардың мәдениетін, олардың денсаулықтарын жақсарту мақсатын көздеп жыл сайын курорттарға, демалыс үйіне жүздеген еңбекшілерді жіберіп отырады.

Профсоюздардың орталық советі Риддер комбинатындағы цехтарда істейтін жұмысшылардың тұрмысын жақсарту үшін жүздеген, мыңдаған сом қаржы бөлді. Өткен 1937 жыл орталық курорттарда болу үшін 80 путевка берілді. Жергілікті орындардағы курорттарға 273 путевкамен жұмысшылар жіберілген болса, 1938 жылдың 10 айында орталық курорттарға 112 адам, жергілікті курорттарға 219 адам жіберілді.

Біріккен кен завод комитеті өзінің қарамағындағы "Горнак" демалыс үйіне кәсіпорындарындағы істеп жүрген жұмысшы, қызметшілерден өткен 1937 жылы 593 кісі жіберсе, 1938 жылдың 10 айында "Горнак" демалыс үйіне жіберілген жұмысшылар 783 адам, балалар тамақтанатын үйлерге 1937 жылы 352 адам жіберілсе, 1938 жылдың 10 айында 309 адам жіберілді.

Жұмысшылардың мәдениеті артқан сайын еңбек өніміде артады. Еңбек ақысыда көбейеді. Социалистік жарысты қыздырып, стахановшылар күн санап жаңа әдістерді қолданып отыр. Өткен жылдың еңбек өніміне қарағанда 1938 жылдың 8 айында 56 процнет еңбек өнімі артты, еңбек ақы 47 процент өсті[14].

1937 жылға қарағанда стахановшылардың қатары анағұрлым өсті. Риддер комбинаты бойынша октябрдің біріне стахановшылардың саны 2041, еңбекшілердің саны 2547 адамға жетті. мұндай өсушілік тек стахановшылар қозғалысының мейлінше өрістеп құлаш сермеуінің нәтижесінде болды.

Риддер 1935-1936 жылғы Риддер емес, өзінің көркейіп, тұрмысының артуы жағынан да, мәдениетінің өсуі жағынан да өзгерілген, гүлденген Риддердің еңбекшілері ауқатты тұрмыста тұрады. Еңбекшілердің мәдениетін арттыру және олардың керегіне жұмсалатын қаржылар бұрынғысынан артты. 1938 жылдың бірінші кварталында еңбекшілердің керектеріне жұмсалатын шаралар үшін 5996 сом, екінші кварталда 2589 сом босатылса, үшінші кварталда 3245 сом қаржы босатылды. Сол кездегі Конституцияда қартайған уақытта және еңбек етуге жарамай қалған уақытта өкімет тарапынан жәрдем беру үшін қамтамасыз етті. Жыл сайын сайын көптеген жарғылар босатылып отырылды. Тек 1938 жылдың бірінші кварталында 25915 сом 21 тиын, екінші кварталында 274882 сом 73 тиын босатылса, үшінші кварталда 342259 сом 22 тиын қаржы босатылды.

Еңбекшілердің денсаулығын сақтау жұмысына да айрықша көңіл бөлінді. Денсаулық сақтау жұмысы аса маңызды іс - өйткені дүниедегі капиталдардың ішінде адамнан артық ешнәрсе жоқ. 1937 жылға қарағанда 1938 жылы емделу орындарындағы адамдардың тамағына босатылған қаржы көп өсіп отыр. Емделу орындарындағы адамдардың тамақтарына 1938 жылдың үш кварталында 47000 сом ақша босатылды[15].

Кеңес өкіметі кезінде жарыққа шыққан қазақ тіліндегі басылымдар, өз уақытындағы мәдениет ұйытқысына айналған бірден-бір баспасөз құралы еді. Газет беттерінде жарық көрген әдеби көркем шығармалар, сауат ашуы жағдайлары, қазақ халқының тұрмыс деңгейлері жарияланған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ШҚО ҚЗТҚО 74-қ., 1-т., 9-іс, 368-п.
2. ШҚО ҚЗТҚО 74-қ., 1-т., 9-іс, 360-п.
3. ШҚО ҚЗТҚО1155-қ., 1-т., 4-іс, 472-п.
4. Қажығұлов Қ. Өткен тарихты еске алсаң, бүгінгіге жол сілтейді // Ертіс өңірі 2008 №37, 13 қыркүйек
5. Жаңа ауыл. 1940 жыл 22 март №32
6. Жұматаев Б. Әдебиет үйірмесі жұмыс істесін // Жаңа ауыл 1940 жыл №32 Б. 2
7. Оралбаев М. Аягөзді гүлденген қалаға айналдырамыз // Жаңа ауыл 1940 10 апрель №40 Б. 1
8. ШҚО ММ 130-қ., 17-т., 17-іс, 30-п.
9. Қасымов А. Тарихи жол. Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің даму жолдары. – Өскемен, шығыс ақпарат» баспасы, 2011.
10. ШҚО ММ 130-қ., 17-т., 17-іс, 30-п.
11. ШҚО ҚЗТҚО 74-қ., 1-т., 33-іс, 367-п.
12. Жұмысшы 1938 жыл 12 октябрь. №128 Б. 1
13. Совет саудасы халықтың тілегін толық қамтамасыз етеді // Жұмысшы 1938 жыл 9 декабрь №154 Б. 1
14. Еңбекшілердің денсаулығын жақсатудың ісі // Жұмысшы 1938 жыл 7 ноябрь №140 Б. 3
15. Әбилденев Б. Мәдениеті өскен өскен Риддер // Жұмысшы 1938 жыл 7 ноябрь №140 Б. 3

References:

1. p. 74, P.1, case 9, p. 368, P.
2. p. 74, P.1, case 9, p. 360, P.
3. East Kazakhstan region KZD1155, t. 1, Case 4, p.472.
4. Kazhygulov K. If you remember the history of the past, you are guided by the present // Irtysh region 2008 No. 37, September 13
5. New Village. March 22, 1940 No. 32
6. Zhumataev B. Let The Literary Circle work // Zhana auyl 1940 No. 32 P. 2
7. Oralbayev M. Turning Ayagoz into a prosperous city // New Village 1940 April 10 No. 40 P. 1
8. state institution of East Kazakhstan region, P. 130, P. 17, case 17, p.30.
9. Kasymov A. historical path. Ways of development of the East Kazakhstan regional newspaper "Didar". Ust-Kamenogorsk, shygys akparat publishing house, 2011.
10. state institution of East Kazakhstan region, P. 130, P. 17, case 17, p.30.
11. p.74, P. 1, case 33, p. 367, P.
12. worker October 12, 1938. No. 128 P. 1
13. Soviet trade fully ensures the wishes of the people // worker December 9, 1938 No. 154 P. 1
14. the business of improving the health of workers // worker November 7, 1938 No. 140 P. 3
15. Abildenov B. culture grew up Ridder // worker November 7, 1938 No. 140 P. 3

